

"Қазақтелеком" ашық акционерлік қоғамының кейбір мәселелері туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 15 тамыз N 1261. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2001.02.28. N 290 қаулысымен. ~P010290

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі^з заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) "Қазақтелеком" ашық акционерлік қоғамы акционерлерінің жалпы жиналасына:

Жанәбілов Мият Саттарұлы - Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңесі Өндірістік бөлімінің менгерушісі, төраға;

Нәлібаев Әбдіхалық Зәкірұлы - Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар бірінші вице-министрі;

Жемішев Болат Бидахметұлы - Қазақстан Республикасының Қаржы бірінші вице-министрі;

Бектасов Әбен Ағыбайұлы құрамында Директорлар кеңесін сайлауды;

2) қоғамның тиісті органына Әбен Ағыбайұлы Бектасовты "Қазақтелеком" ашық акционерлік қоғамының президенті етіп сайлауды;

3) көрсетілген құрамнан Біржан Мұхаметжанұлы Мәдиевті, Нұрлан Зәркешұлы Сақыповты шығаруды ұсынысЫн.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мұлік комитеті мен Көлік және коммуникациялар министрлігі "Қазақтелеком" ашық акционерлік қоғамының мәселелері бойынша бұрын қабылданған өзінің барлық кесімдерін осы қаулыға сәйкес келтірсін.

3. "Кейбір акционерлік қоғамдардың мәселелері туралы" Қазақстан

Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 26 наурыздағы N 308

P990308_

қаулысы

(Қазақстан Республикасының ПУКЖ-ы, 1999 ж., N 10, 92-күжат) 1-тармағы 8 тармақшасының жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары

Оқығандар:
Қобдалиева Н.М.
Орынбекова Д.К.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК